

# *Дәріс 3.*

## *Тақырыбы:*

**“Оңтүстік-Шығыс және  
Оңтүстік-Батыс Азияның  
діндері”.**

# **Жоспар:**

**1. Даосизм.**

**2. Конфуций діні. 3.**

**Синтоизм.**

**4. Парсизм (зороастризм).**

**5. Иудаизм.**

**Оңтүстік-шығыс Азия —  
Қытай, Үндістан және  
Австралияның орталарында  
орналасқан континенталды  
аралдар тобы. Үндіқытай түбегі  
де кіреді.**

**Континенталды  
бөлігінде Вьетнам Вьетнам, Ка  
мбоджа, Лаос, Лаос, Мьянма,  
Лаос, Мьянма, Тайланд, Лаос,  
Мьянма, Тайланд, аралды  
бөлігінде  
— Бруней, Лаос, Мьянма, Тайл  
анд, аралды бөлігінде  
— Бруней, Шығыс  
Тимор, Лаос, Мьянма, Тайланд,  
аралды бөлігінде  
— Бруней, Шығыс Тимор,  
Индонезия, Лаос, Мьянма, Тай  
ланд, аралды бөлігінде**




# Қытай елінденің негізгі діні - буддизм





# Тайланд еліндегі дін:

---



Мемлекеттік дін – будда діні.  
Халықтың 93% будда дініне сенеді.  
Тайландта сонымен қатар,  
мұсылмандар, үндістер, христиандар,  
сикхтар өмір сүреді. Патша  
конституцияға сәйкес, барлық діннің  
қамқоршысы болып саналады.

Даосизм б.д.д. VI-V ғғ. пайда болды. Даосизмнің негізін қалаушы Лао-Цзы б.д.д. VI ғ. өмір сүрген, өз өмірінде «Кәрі дана» деген атаққа ие болған. Бұл діни жүйе діннен гөрі философияға жақындау десек те болады. Даосизм адамзатты табиғатпен бірлікке шақырады. «Кәрі дананың» негізгі идеялары «Дао дә цзин» кітабында баяндалған. Оның айтуынша, барлық заттар өз «жолының» даоның арқасында туып дамиды. Дүниеде өзгермейтін нәрсе жоқ, сөйтіп, өзгеру үрдісінде олардың бәрі өзінің қарама-қарсы жағдайына көшеді. Дао болса, алғашқы бастама, алғашқы түп негізі және барлық құбылыстардың, денелердің бірлігі, соңғы сатысы.

Даоны барлық заттардың анасы және аспан аясындағы империяның анасы деп есептеуге болады. Барлық заттар даодан шығады да, даоға қайта оралады. Адамзат жерге, жер Аспанға тәуелді, Аспан даоны, ал дао табиғилықты қажет етеді. Олай болса, дао адамзат баласының тіршілігі мен бізді қоршаған жарық дүниенің дәнекершісі болып табылады. Сонымен дао жалпы дүниетанымдық ұғым.

Б.д.д. II ғ. даосизм діни көзқарасқа айналды. Бара-бара даосизм көптеген секталарға айналады.

**Конфуций діні.** Қазіргі Қытай халқының ең беделді ұлттық діні Конфуций ілімі болып саналады. Оның негізін қалаушы Кун-Фу-Цзы, яғни Кун - ұстаз. Конфуций б.з.б. 551 ж. шамасында өмірге келген. Оның негізгі ілімі бізге өзінің шәкірттері Ман-Цзы және Сюн-цзыдың еңбектері арқылы жетті. Жалпы конфуцийшылдық діни көзқарасты философиялық-этикалық ілім десек те болады. Кунфуцзыдың философиялық көзқарасы бойынша, «атты түзету» деген көзқарасын қарастырайық. Барлық заттардың, адамдардың аттары болу керек.



Сол аттарына сәйкес мінездері болу керек, ат пен атағы сәйкес келуі керек: әке - әкеге, бала - балаға, билеуші - билеушіге сәйкес болып аттарына байланысты ғана емес, шын мәнісінде де қалулары керек. Билеуші - әке, халық оның балалары. Осы тұрғыдан мемлекет басқарылу керек. Олай болса, «білу дегеніміз табиғатты емес, адамдарды танып білу». Қараңғы адамдар данышпандарға бағынуға тиісті. Олай болмаған күнде елде тыныштық болмайды. «Лунь юй» деген Конфуций сөздерінің жинақ кітабы.

**Синтоизм** - «синто құдай жолы», б.д.д. VI-VII ғғ. шығыс Кюсю аралында Жапонияда пайда болды.

«Ерте дәуірдегі жазу» немесе «Койки» деген кітаптағы аңыз бойынша, синтоизм дінінің шығуы туралы айтылады. Бұл әдеби жинақ б.з.д. 712 ж. жазылған. Оның негізгі мақсаты император рухын халықтардың үстінен қарап, билеу құқығын бекітуге арналған.

Ертедегі аңыз бойынша, император рухтары Аматерасу (Күн құдайы) құдайынан таралғандығын, қалған Жапон халықтары оларға бағыныштылығын көрсетуге тырысады. Ең негізгі синтоикалық храм Исэ деген қалада. Оны Исэ дзингу Аматерасу храмы дейді. Жалпы Жапония бойынша 110 мыңдай храмдары бар.

Ертедегі Иран діні зороастризм (Парсизм) діні болды. Бұл дін б.д.д.VII ғ. ертедегі Иран мемлекетінде шықты. Зороастризм Египет және Вавилон діндеріне қарағанда «пайғамбарлығы» жетілген немесе бір жүйеге келтірілген дін деп айтуға болады. **Зороастризм** дінінің негізін қалаушы Заратуштра аңыздық пайғамбар. Аңыз бойынша, Заратуштра (гректе «Зороастр» деген сөз), ежелгі Иран сөзінен шыққан «түйелі адам», түйе жетектеген адам деген мағына береді. Зороастризмнің діни және мәдени жәдігері «Авеста» кітабы болды.

Зороастризм бойынша, әлемде бір-біріне қарама-қарсы екі негіздің - жақсылық пен ізгіліктің құдайы, нұрдың, өмірдің, ақиқаттың рәмізі Ахура-Мазда мен зұлымдықтың белгісі, қараңғылық пен өлім таңбасы Анхра-Майньюдің арасында толастамайтын күрес жүріп жатады. Өз қарсыласына қарсы күресте Ахура-Мазда адамды жаратады. Демек, әлемде екі құдай бар, оның біреуі - мейірімді құдай Ахура - Мазда да, екіншісі - мейірімсіз құдай Анхра-Майнью. Киелі «Авеста» кітабының өлеңдерінде және гимнінде зороастризм еңбекті, жақсы жұмысты, ойды, бейбітшілікті, достықты, адалдықты, сенімділікті мақтайды. Ал, ұрлықты, жаман сөздерді айыптайды.



- Иудаизм – еврей халқының діні.

- Яһудилік қазіргі илаһи (хак) діндердің ең ескісі, бірақ тұтынатын халқының саны ең азы. Қазір яһудилер 18-20 миллион шамасында. Оның 4,4 миллионы Израильде, 6 миллионы АҚШ-та және Еуропа мен әлемнің түкпір-түкпіріне таралған.

- Қазіргі яһудилерді «яһуда» (иуда) атауымен бірге, «исраил», «ибрани» деп те атап, бұл атаулардың барлығы бір халыққа берілген. Яһудилік ескі монотеистік дін болумен бірге, өз алдына бөлек сенім, ғибадат жүйесі бар ұлттық дін болып ерекшеленеді. Исраиль ұлдарының наным бойынша басқа бір ұлттағы адам яһуди дініне кіре алмайды, оларға кіруге тыйым салынған. Яһудилік діні тек исраиль ұлдарының, яғни еврейлердің ұлттық діні болып табылады.



- Иудаизм б.з.д. XIII ғ. Еврей халқының арасынан шыққан дін. «Иудаизм» деген сөз Еврей тайпасынан шыққан Иуда руының атымен аталады. Иуда руы еврей халқының 12 рудан шыққан ең ірі және бірінші патшасы Давидтан таралған беделді ру болады. Олардың құдайы Яхва (Найзағай құдайы, от құдайы, су құдайы) барлық рулардың құдайы деп алынады да, монотеистік жеке, еврейлер Палестинаны жаулап алған соң, Яхва құдайының құрметіне Иерусалим храмын салады.

Жалпы иудаизм дінінің дамуын үш кезеңге бөліп көрсетуге болады.

- **Бірінші,** - Таураттың шығуы немесе оның басқа негізгі бөлімі - Көне өсиет (б.з.д. XIII-II ғғ.) - Танах деп иудейлер атайды. Танах болса 39 кітаптан тұрады. Танах Ескі өсиеттің негізі.

- **Екінші** кезең Иудаизмнің Талмуттық даму кезеңі деп айтамыз. Құлиеленушілік дәуіріндегі еврейлердің өмірлері діни формада көрсетіледі. Б.д.д. 70 ж. Рим империясының Палестинаны жаулап алуы, ондағы Иерусалим храмын бұзуы, еврей халықтарының құлдыққа түсіп, өз елінен тарап басқа елдерге кетуі туралы айтылады.

- **Үшінші кезең**, Иудаизмнің даму кезеңі; «модернизаторлық шағы». Қазіргі кезде Иудаизмде әртүрлі ағымдар мен секталар бар. Негізгі Иудаизм догмасы бойынша: Құдай бір - Яхва, еврей халқы «Құдайдың таңдаған» ерекше халқы, Яхва жерге қайтып келеді, жан мәңгі, ол дүниеде бар, Талмуд пен Танах қасиетті кітап және т.б.

- Иудаизмде діни табынушылық, әдет-ғұрыптар, мейрамдар өте көп. Діни регламенттер бойынша 365 іс-әрекетке тыйым салынады да, 248 іс-әрекеттерді істеуге шақырады. Иудей ораза ұстау керек, баланы туған соң сегіз күннен кейін сүндетке отырғызу керек, балалық шаққа жету тойы, жерлеу т.с.с діни әдет-ғұрыптар бар. Мейрамның мейрамы - Пасха. Пасха мейрамы еврей халқының б.з.д.VII ғ. Египеттен еврейлердің «шығуы» кезінен басталады, басқа әдет-жоралары бар. Иудаизм өзі басқа діндерден көптеген әсер алса да, ол дін христиан діні мен ислам дінінің шығуына, дамуына үлкен әсерін тигізді.

- **Кітаптары.** Бүгінгі күнгі яһудилердің қасиетті жазбалары Танах, Талмут деген екі негізгі бөлімнен тұрады. Христиандардың «ескі өсиет» деп атайтын Танах 1-Тора, 2-Невиим, 3-Китувим деген үш бөлімнен құралады. Тораның арабшасы «Тәурат» деп аталады. Тора да өз ішінен: 1-Теквин, 2-Хуруч (шығу), 3-Левилилер, 4-Сандар, 5-Тесние деп аталатын бөлімдерден тұрады. Тораның түп нұсқа тілі ибранише болып, онда әлемнің жаратылысынан бастап, яһудилердің Мысырға қоныс аударуы, Мұсаның өліміне дейінгі созылған замандағы оқиғаларды қамтиды.

## СЕМІНАР 3.

- Даосизм.
- Конфуций діні.
- Синтоизм.
- Иудаизм. Иудаизмнің діни мейрамдары:  
Рош ха Шана, Иом Кипшур, Песах,  
Шавуат, Суккат.
- Парсизм (зороастризм).
- Брахманизм
- Индуизм
- Сикхизм
- Джайнизм

- **Конфессиялары мен ағымдары.**  
Иудаизмнің көп ғасырлық тарихында жікшілдік, секталар, бағыттар, қозғалыстар пайда болды. Бүгінгі уақытта, ғалымдардың пікірінше, мынадай иудаизм бағыттары қалыптасқан:
- Олар – **караим, хасидизм, реформаторлық, консерваторлық, ортодоксальдық.**